

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 10 шілдегі N 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 393 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1880. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 (V053627) бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне:

1-бөлімінің 7-тармағынан басқа барлық мәтін бойынша "жалпы орта мектептері" деген сөздер "жалпы орта білім беру ұйымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына Қазақстан Республикасының азаматтары; Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен жасалған халықаралық шарттар, келісімдер, сондай-ақ келісім шарттар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар; жалпы негізгі, жалпы орта немесе кәсіптік бастауыш білімі бар басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын ұлты қазақ тұлғалар қабылданады .

Кәсіптік орта оқу орындарына басқа шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдермен қабылданады . " ;

2-тармақтағы "ДЕЭК-ның" деген сөздер "және балалық шақтан мүгедек - дәрігерлік-санитарлық сарапшы комиссияларының" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н .

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік тапсырыс негізінде азаматтарды қабылдау, қабылдау емтихандары біткеннен кейін жүргізіледі, ол күндізгі оқыту нысанына түсушілер үшін 25 тамыздан және сырттай оқыту нысанына түсушілер үшін 25 қыркүйектен кешіктірілмей аяқталады.

Төлем ақысы негізінде оқуға түсушілерді қабылдау, күндізгі оқыту нысанына 30 тамыздан және сырттай оқыту нысанына 30 қыркүйектен кешіктірілмей аяқталады." ;

7-тармақтың бірінші бөлімінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын :

"Жалпы білім беретін оқу орындардың жоғары сатысын бітірушілер үшін қабылдау емтихандары жалпы орта білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде үш пәннен, ал негізгі сатыдағы оқушыларға негізгі білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пәннен жүргізіледі.";

Мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. Қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген азамат шағым беруге құқылы .

Шағым қабылдау комиссиясына қабылдау емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін беріледі және оны бір тәулік ішінде қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен шағым комиссиясы қарайды."

2. Бастауыш және орта кәсіптік білім департаменті (Қ. Лекер) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр